



201__ жылғы _____ Астана, Үкімет Үйі « » _____ 201__ года _____

№ № _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 11-9/355 от: 03.03.2018

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

*2018 жылғы 8 ақпандағы
№ ДС-35 депутаттық сауалға*

Құрметті депутаттар!

Алматы облысы Ұйғыр ауданында кешенді ғылыми гидрогеологиялық зерттеулер жүргізуге қатысты Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Шарын елді мекеніне жақын орналасқан «Шонжы-Тасқарасу» бақылау бекеті бойынша Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі жүргізіп жатқан мониторингтік зерттеу деректері су тасу кезеңінде жерасты суларының деңгейі көтерілетіндігін көрсетті. Қыста қардың мол түсуіне байланысты ағымдағы жылдың көктемінде осы ауданда жерасты суларының деңгейі едәуір көтерілуі мүмкін.

Алматы облысы әкімдігінің ақпараты бойынша Шарын ауылында төтенше жағдайларды болдырмау мақсатында 2017 жылы ұзындығы 4,3 км құрайтын дренаждық жүйенің құрылысына жергілікті бюджеттен 45,4 млн. теңге бөлініп, орындалған жұмыстар 2017 жылғы 30 қазанда қабылдау комиссиясының актісі бойынша қабылданды.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта облыс әкімдігі ұзындығы 7,5 км құрайтын дренаждық жүйенің құрылысына облыс бюджетінен қосымша 59 млн. теңге сомасында қаражат бөлу мәселесін пысықтап жатыр, ол 2018 жылға арналған облыс бюджетін нақтылау кезінде қаралатын болады.

Сонымен қатар, қолданыстағы ұнғымаларды белгілеп және олардың шығындарын көрсете отырып, гидрогеологиялық картаны әзірлеу, сондай-ақ Алматы облысы Ұйғыр ауданында термальді суларды тиімді және кешенді пайдалану бойынша ұсынымдар әзірлеу мәселелерін 2018 – 2020 жылдарға арналған «Климаттық және антропогендік өзгерістер жағдайында Қазақстан

Республикасының жерасты суларын ұтымды пайдалануды және қорғауды ғылыми-әдістемелік және геоақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету» бағдарламасы шеңберінде пысықтау болжанады.

Аталған бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық ғылыми кеңесінің 2018 жылғы 12 қаңтардағы №1 шешімімен мақұлданған, оны заңнамада белгіленген тәртіппен ағымдағы жылғы наурыз айының бірінші онкүндігінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның қарауына шығару жоспарланады.

Б. Сағынтаев

№ исх: 11-9/355 от: 03.03.2018

**Депутатам Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)**

На №ДС-35 от 08.02.2018 г.

Уважаемые депутаты!

На Ваш депутатский запрос, касательно проведения комплексных научных гидрологических исследований в Уйгурском районе Алматинской области, сообщаем следующее.

Данные мониторинговых исследований, проводимых Министерством по инвестициям и развитию Республики Казахстан по наблюдательному посту «Шонжа-Таскарасу», расположенному вблизи населенного пункта Шарын, показывают повышение уровня подземных вод в паводковый период. Из-за значительных осадков, выпавших зимой, весной текущего года возможно значительное повышение уровней подземных вод в данном районе.

С целью предотвращения чрезвычайной ситуации в селе Шарын на строительство дренажной системы протяженностью 4,3 км в 2017 году из местного бюджета было выделено 45,4 млн. тенге, по информации акимата Алматинской области выполненные работы приняты по акту приемочной комиссии 30 октября 2017 года.

Кроме того, для строительства дренажной системы протяженностью 7,5 км в настоящее время акиматом области прорабатывается вопрос выделения дополнительных средств из областного бюджета в сумме 59 млн. тенге, который будет рассмотрен при уточнении бюджета области на 2018 год.

В то же время, вопросы составления гидрогеологической карты с нанесением существующих скважин, указанием их расходов, а также выработки рекомендаций по эффективному и комплексному использованию термальных вод Уйгурского района Алматинской области предполагаются проработать в рамках программы «Научно-методическое и геоинформационно-аналитическое обеспечение рационального использования и охраны подземных вод Республики Казахстан в условиях климатических и антропогенных изменений» на 2018 – 2020 годы.

Данная программа одобрена решением Национального научного совета Министерства образования и науки Республики Казахстан от 12 января 2018 года № 1, которую в установленном законодательством порядке планируется вынести на рассмотрение Высшей научно-технической комиссии при Правительстве Республики Казахстан в первой декаде марта текущего года.

Б. Сагинтаев

